

Жүз бесінші тарау — Ақырзаманның жақындағанын қалай білуге болады?

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Ақырзаманның жақындағанын қалай білуге болады?» деген тақырыпты қарастырамыз.

Менің ойымша, әрбір саналы адам бұл дүниенің мәңгі жалғаса бермейтінін түсінеді. Бұл дүниенің ақыры бар. Біздің өміріміз де мәңгі емес. Сондықтан бір күні ақырзаманның келетінімен келісуіміз керек. Киелі кітап бізге дүниенің басталуы мен ақыры туралы айтады. Кейбіреулер ақырзаман туралы ойланады. Ал кейбіреулер: «Дүние бұрынғыдай жалғаса береді», — деп, оны алыс болашақтың еншісіне қалдырады. Бірақ олар қателеседі. Тағы біреулер нақты күнді белгілеп, ақырзаман пәлен күні келеді деп айтады. Олар да қателеседі.

Алайда Киелі кітапта ақырзаманның келуі туралы көп айтылады. Әрине, оның қашан келетінін Жаратушы біледі. Сондықтан біз Оған құлақ асуымыз керек. Киелі кітапта бүкіл жаратылыс Құдайдың Сөзі арқылы жаратылғаны, ал Исаның тірі Сөз екені айтылған. Демек, Иса ақырзаман туралы бәрін біледі. Матай жазған Ізгі хабардың 24:1–14-аяттарында Ол шәкірттеріне ақырзаманның қандай болатынын көрсетті.

Иса ғибадатханадан шығып кетіп бара жатқанда, шәкірттері қасына келіп, ғибадатхананың сәулетті ғимараттарына нұсқады. Бірақ Иса оларға: — Мынаның бәрін көріп тұрсыңдар ғой? Сендерге шындығын айтамын: бұлардың қаланған бірде-бір тасы қалмай барлығының да күл-талқаны шығатын болады! — деп жауап қайтарды. Кейінірек Иса Зәйтүн тауының басында отырғанда, бірнеше шәкірті оңашада қасына келіп: — Бізге айтыңызшы, бұл қашан болады? Сіздің қайта келуіңіз бен ақырзаманның жақындап қалғанын қандай белгі білдірмек? — деп сұрады. Иса былай деп жауап берді:

— Сақ болыңдар, ешкім сендерді алдап, теріс жолға түсірмесін! Себебі көп адамдар Менің атымды жамылып келіп: «Құтқарушы Мәсіх Менмін!» деп, көпшілікті алдап азғыратын болады. Сендер жақын маңдағы шайқастар мен алысырақтағы соғыс жаңалықтары туралы еститін боласыңдар. Сонда

абайландар, зәрелерің ұшпасын. Олар болуға тиісті, бірақ заманның ақыры әлі де бұл емес. Себебі ұлт ұлтқа қарсы, мемлекет мемлекетке қарсы аттанып, түрлі жерлерде ашаршылық (пен індеттер) және жер сілкіністер болады. Бұлардың бәрі тек жаңа дәуір туар алдындағы «толғақтың» бастапқы азабы іспетті ғана. Сол кезде жұрт сендерді азаптап, өлтіру үшін ұстап береді. Менің атымды мойындағандарыңа бола барлық ұлттар сендерді жек көретін болады. Сонда көбі сенімдерінен танып, өзара опасыздық жасап, бір-бірін жек көреді. Талай жалған пайғамбарлар халық алдына шығып, көптеген адамдарды алдап, азғыратын болады. Әділетсіздік тым көбейіп кеткендіктен көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді. Ал ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады. Құдай Патшалығы туралы осы Ізгі хабар күллі әлемге уағыздалмақ. Осылай ол барлық халықтарға мәлім болады. Содан кейін бұл заманның ақыры келеді.

Әрине, Иса ақырзаманның жақындағанын білдіретін белгілерді білді. Сондықтан Оның нақты атаған белгілеріне жеке-жеке тоқталайық.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖАҒДАЙ ақырзаман жақындаған сайын ерекше белгілермен көрінеді. Шәкірттер: «Ғибадатханаға қараңызшы! Зәулім ғимараты қандай әдемі әрі керемет безендірілген!» — деген болуы мүмкін. Расында да, бұл өте әдемі ғибадатхана еді. Ирод патша құрылыс жұмыстарын жүргізіп, ғибадатхананы мол алтынмен безендірген болатын. Сондықтан шәкірттер: «Мына керемет ғибадатханаға қараңызшы!» — деп, оны Исаға көрсетті.

Сонда Иса ғибадатхананың қиратылатынын айтты. Олар ғибадатхананың әсемдігін көріп тұрғанымен, бір күні оның бірде-бір тасы қалмай, бәрі құлатылатынын ескертті. Бұл сөздер шәкірттерді қатты таңғалдырған болуы керек. Көне қаланың және ғибадатхана орналасқан таудың айналасындағы қабырғаларда болған алып тастардың кейбірін бүгін де көруге болады. Олар өте үлкен. Сондықтан Жаратқан Иенің мұндай сөзді қалай және неліктен айтқанына таңғалмасқа болмайды. Бірақ Ол дәл солай айтты.

Содан кейін Иса шәкірттерімен бірге Қидрон аңғары арқылы Зәйтүн тауына көтеріліп, сол жерден ғибадатханаға қарады. Сонда шәкірттері Одан: «Айтыңызшы, бұл қашан болады? Сіздің қайта келуіңіз бен осы заманның аяқталуын қандай белгі білдіреді?» — деп сұрады. Мұнда үш сұрақ бар. Біріншісі — ғибадатхананың қашан қиратылатыны туралы. Екіншісі — Жаратқан Иенің қайта келуін білдіретін белгі жайында. Үшіншісі — осы заманның аяқталуын қандай белгі білдіретіні туралы. Шәкірттер Исадан сол жердегі жағдайға қатысты сұрады. Оның жауабынан біз бұл оқиғаның ақырзаманның жақындағанын білдіретін белгілердің бірі екенін түсінеміз.

САЯСИ ДҮРБЕЛЕҢ ақырзаманның жақындағанын білдіреді. Иса: «Сендер соғыстар мен соғыс туралы хабарларды еститін боласыңдар», — деді. Содан

кейін: «Қорқып кетпендер», — деп ескертті. Әрине, соғыстар бұрын да болған. Адамдар көптеген ұрпақ бойы бір-бірімен соғысып келеді. Алайда Иса саяси толқулардың ерекше күшейіп, мемлекет мемлекетке, ұлт ұлтқа қарсы шығатынын айтты. Меніңше, бұл соғыстың барлық жерде болатынын білдіреді. Бірақ Иса шәкірттерін алаңдамауға шақырды. Өйткені ақырзаман әлі бірден келмейтінін айтты.

Содан кейін Ол әртүрлі жерлерде ашаршылық, індет және жер сілкіністері болатынын айтты. Оны байқау үшін айналамызға қарап, болып жатқан жаңалықтарға құлақ ассақ жеткілікті. Бүгінде дүниенің әртүрлі жерлерінде ашаршылық, індет және жер сілкіністері болып жатыр. Олардың ауқымы да кеңейіп келеді. Ашаршылық пен індеттен зардап шеккен адамдардың саны көбейіп, түрлі жерлерде жер сілкіністері жиі болып жатыр. Иса мұның бәрі азаптың бастамасы екенін айтты.

Егер ақырзаманның қашан келетінін білгіміз келсе, Иса алдын ала айтқан саяси дүрбелеңге назар аударуымыз керек. Өйткені ақырзаман жақындаған сайын мұндай жағдайлар көбейе түседі.

ЖЕКЕ БАСҚА ҚАРСЫ ҚУҒЫН-СҮРГІН — ақырзаманның жақындағанын білдіретін тағы бір белгі. Иса 5-аятта көптеген адамдардың Оның атын жамылып келіп: «Мен Мәсіхпін», — дейтінін айтты. Мен мұны адамдар арасындағы қарсылық деп атаймын. Өйткені олар ешқашан дәлелдей алмайтын мәлімдемелер жасайды. 9-аятта да осыған назар аударылады. Онда Иса: «Сонда жұрт сендерді азаптап, өлтіру үшін ұстап береді. Менің атымды мойындағандарыңа бола барлық ұлттар сендерді жек көретін болады», — дейді. Қатты қарсылық туып, жағдай өте ауыр болады. Исаның ізбасарларын жек көріп, өлімге кеседі және өлтіреді.

Жаратқан Ие көптеген адамның сенімінен танып, бір-біріне опасыздық жасап, өзара жек көрісетінін де айтты. Оларды жақындарының үстінен шағымданатын адамдар деп атауға болады. Кейбіреулер өз жақындарына, көршілері мен достарына қарсы шығады.

Содан кейін Иса алдау, заңсыздық, жалған пайғамбарлар мен бейберекеттік көбейетінін айтты. Заңсыздық кең тарап, көптеген адамның сүйіспеншілігі суып кетеді. Мен мұны адамдар арасындағы қарсылық деп атаймын.

ІЗГІ ХАБАРДЫҢ ТАРАЛУЫ — ақырзаманның жақындағанын білдіретін төртінші әрі қуанышты белгі. Қымбатты досым, мұнда таратылуға тиіс хабардың нақты көрсетілгеніне назар аударыңыз. Иса оны Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабар деп атады. Оның қалай жариялануға тиіс екені де анық айтылған. Ізгі хабар барлық халықтарға куәлік болу үшін күллі әлемге

уағыздалуға тиіс. Содан кейін Иса ақырзаманның келетінін айтты. Мен мұны Ізгі хабардың бүкіл әлемге таралуы деп атаймын.

Қымбатты досым, менің сізге радио арқылы үн қата алуым біздің дәл осы кезеңде өмір сүріп жатқанымызды көрсетуі мүмкін. Адамзат тарихында адамдардың бір-бірімен дәл қазіргідей жылдам әрі кең көлемде байланысу мүмкіндігі бұрын-соңды болған емес. Демек, Иса біздің заманымызда болатын жағдайларды алдын ала көрген.

Исаның айтқан белгілеріне қарап, ақырзаманның жақындағанын түсінуіміз керек. Енді: «Біз оған дайынбыз ба?» — деген сұрақ туындайды. Ақырзаман жақындап келеді. Бұған еш күмән жоқ. Иса Өзінің ізбасарларына ақырына дейін табандылық танытқан адамның ғана құтқарылатынын ескертті. Сондықтан дәл қазір дайындалатын уақыт. Өйткені, қымбатты досым, Иса қайтадан келеді.